

№1 Әдістемелік кеңес отырысының хаттамасы

Күні: қыркүйек айы 2025 жыл

Қатысқандар саны: 18

Күн тәртібінде:

1. Педагогикалық үдерісті жаңа оқу жылына дайындау. Педагогтердің құжаттарды талапқа сай толтырулары – перспективалық жоспарын талқылау.
2. Заттық-кеңістіктік дамыту орталықтарын орналастыру және тиімді ұйымдастыру.
3. Балабақшадағы қауіпсіз мінез-құлық ережелері. Балабақша тәрбиеленушілерінің бейімделуін бақылау.
4. Балабақшаның жаңа оқу жылына дайындығын тексеру.

Тыңдалды

1. Бірінші мәселе бойынша тыңдалды:

Әдіскер М.С. Мухамадиева сөз сөйлеп, педагогтерді жаңа 2025-2026 оқу жылының басталуымен құттықтады. Ол педагогикалық үдерісті заманауи талаптарға сай ұйымдастыру, мемлекеттік стандарттарды орындау және мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбие-оқыту сапасын арттыру міндеттерін түсіндірді. Сондай-ақ, педагогтердің міндетті құжаттаманы жүргізу ережелеріне тоқталып, жаңа оқу жылына арналған перспективалық жоспарлардың құрылымы мен мазмұнын талқылауға ұсынды.

2. Екінші мәселе бойынша тыңдалды:

Әдіскер М.С. Мухамадиева және топ тәрбиешілері топтардағы заттық-кеңістіктік дамыту орталықтарын (ойын, танымдық, шығармашылық аймақтарды) жасақтау мәселесін ортаға салды. Балалардың жас ерекшеліктеріне сай дидактикалық материалдар мен көрнекіліктерді тиімді және қауіпсіз орналастыру жолдары қаралды.

3. Үшінші мәселе бойынша тыңдалды:

Ересек және ортаңғы топ тәрбиешілері балабақша ішіндегі және серуендеу кезіндегі қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау бойынша баяндама жасады. Одан кейін психолог М. Турсынханова сөз алып, жаңадан келген балалардың балабақша жағдайына бейімделу (адаптация) кезеңінің барысы туралы психологиялық талдау нәтижелерін ұсынды. Балалардың эмоционалдық жағдайын бақылау және қолдау шараларын атап өтті.

4. Төртінші мәселе бойынша тыңдалды:

Әдіскер М.С. Мухамадиева балабақшаның жаңа оқу жылына жалпы дайындығын (топтардың безендірілуі, әдістемелік құралдармен қамтылуы, санитарлық талаптардың сақталуы) тексеру қорытындысын жариялады.

Тексеріс барысында анықталған жетістіктер мен шағын кемшіліктерді жою мерзімдері аталды.

Қаулы:

1. Педагогтердің жаңа оқу жылына арналған перспективалық жоспарлары бекітілсін.
2. Құжаттарды талапқа сай, уақытылы және сауатты толтыру барлық тәрбиешілерге міндеттелсін. Топтардағы дамытушы орталықтар балалардың еркін іс-әрекетіне қолайлы етіп, заманауи бағытта тиімді ұйымдастырылсын.
3. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау, қауіпсіздік ережелерін сақтау тәрбиешілердің тұрақты бақылауында болсын. Психолог пен тәрбиешілер бірлесіп, балалардың бейімделуін жеңілдету үшін ата-аналармен кеңес жұмыстарын жүргізісін.
4. Балабақшаның жаңа оқу жылына дайындығы «жақсы» деп танылсын. Анықталған ұсақ кемшіліктер қысқа мерзімде қалпына келтірілсін.

Төрайымы:

Хатшы:



Мухамадиева М.С

Турсынханова М.М

№2 Әдістемелік кеңес отырысының хаттамасы

Күні: қараша айы 2025 жыл

Қатысқандар саны : 19 адам

Күн тәртібінде:

1. «Ұстаз Ұлттық платформасы» арқылы «Педагог бейнесі» цифрлық модулінде кәсіби қызметтің нәтижелерін жинақтау.
2. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру.
3. Нормативтік құжаттардың орындалуы, нұсқаулықтардың жүргізілуін ұйымдастыру жұмыстары.

Тыңдалды:

1. Бірінші мәселе бойынша тыңдалды:

Әдіскер сөз сөйлеп, «Ұстаз Ұлттық платформасының» маңыздылығына тоқталды. Ол «Педагог бейнесі» цифрлық модулінде әр педагогтің өзіндік кәсіби жетістіктері мен қызмет нәтижелерін электронды форматта жүйелі түрде жинақтау, портфолио толтыру ережелерін түсіндірді. Тәрбиешілер өз тәжірибелерімен бөлісті.

2. Екінші мәселе бойынша тыңдалды:

Тәрбиешілер «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының балабақшада жүзеге асырылу барысы туралы баяндады. Балалардың бойында адамгершілік, адалдық, отансүйгіштік қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған ойындар мен іс-шаралардың нәтижелері ортаға салынды.

3. Үшінші мәселе бойынша тыңдалды:

Әдіскер Ж.С. Ошанова нормативтік-құқықтық құжаттардың орындалу деңгейін және ішкі нұсқаулықтардың жүргізілуін ұйымдастыру жұмыстарын талдады. Тәрбиешілер мен педагогтердің құжаттармен жұмыс жасау барысындағы жауапкершілігін атап өтті.

Қаулы:

1. Барлық педагогтерге «Ұстаз Ұлттық платформасындағы» жеке модульдерін талапқа сай толтыру және жаңартып отыру міндеттелсін.
2. «Адал азамат» бағдарламасы аясындағы тәрбие жұмыстары құпталып, күнделікті жоспарға сәйкес жалғастырылсын.
3. Нормативтік құжаттар мен нұсқаулықтардың орындалуы тұрақты бақылауда сақталсын. Кемшіліктер жіберілмесін.

Төрайымы:

Хатшы:



Мухамадиева М.С

Турсынханова М.М

№3 Әдістемелік кеңес отырысының хаттамасы

Күні: ақпан 2026 жыл

Қатысқандар саны : 17 адам

Күн тәртібінде:

1. «Инновациялық технологиялар алаңы»: түрлі бағыттағы әдіс-тәсілдермен тәжірибе алмасу.
2. «Әкелер мектебі» жобасы — отбасы рөлін нығайту.
3. Ағымдағы мәселелер.

Тыңдалды

1. Бірінші мәселе бойынша тыңдалды:

Әдіскер, педагогтар мен тәрбиешілер «Инновациялық технологиялар алаңы» тақырыбында өзара іс-тәжірибе алмасты. Оқыту мен тәрбиелеудің заманауи интерактивті, ойын технологиялары және көрнекілік әдіс-тәсілдерін топтарда қолданудың тиімділігі туралы слайдтар мен көрнекі материалдар көрсетілді.

2. Екінші мәселе бойынша тыңдалды:

Әдіскер, педагогтар мен тәрбиешілер балабақшадағы «Әкелер мектебі» жобасының жұмысын талқылады. Бала тәрбиесіндегі әкенің рөлін арттыру, отбасылық құндылықтарды нығайту мақсатында ұйымдастырылған бірлескен шаралар мен спорттық, танымдық сайыстардың қорытындысы баяндалды.

3. Үшінші мәселе бойынша тыңдалды:

Әдіскер Ж.С. Ошанова ағымдағы мәселелерге тоқталып, қысқы кезеңдегі балалардың қауіпсіздігі, топтардың тазалығы және алдағы іс-шараларға дайындық барысын сөз етті.

Қаулы:

1. Жаңа инновациялық әдіс-тәсілдер оқу-тәрбие үдерісінде кеңінен қолданысқа енгізілсін.
2. «Әкелер мектебі» жобасының жұмыс жоспары бекітіліп, ата-аналармен байланыс одан әрі жандандырылсын.
3. Ағымдағы мәселелер бойынша айтылған ескертулер мен тапсырмалар уақытылы орындалсын.

Төрайымы:

Хатшы:



Мухамадиева М.С

Турсынханова М.М

№4 Әдістемелік кеңес отырысының хаттамасы

Күні: сәуір 2026 жыл

Қатысқандар саны : Кеңес мүшелері, әдіскерлер, тәрбиешілер

Күн тәртібінде:

1. Әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. «Цифрлық құралдар – жас маманның сенімді серігі». Жасанды интеллект технологияларымен жұмыс.
3. «Табиғат аясында экологиялық мәдениетті қалыптастыру».
4. Ағымдағы мәселелер.

Тыңдалды

1. Бірінші мәселе бойынша тыңдалды:

Әдіскер Ә.Т. Дәутханова сөз сөйлеп, өткен әдістемелік кеңестерде қабылданған шешімдер мен тапсырмалардың орындалу барысын талдады. Жоспарланған жұмыстардың уақытылы орындалғанын және бақылауда екенін атап өтті.

2. Екінші мәселе бойынша тыңдалды:

Әдіскер Ә.Т. Дәутханова «Цифрлық құралдар – жас маманның сенімді серігі» тақырыбында баяндама жасады. Ол оқу-тәрбие үдерісінде және әдістемелік материалдар дайындауда жасанды интеллект технологиялары мен заманауи цифрлық бағдарламаларды қолданудың тиімді жолдарын көрсетті. Жас мамандарға практикалық нұсқаулықтар берілді.

3. Үшінші мәселе бойынша тыңдалды:

Топ тәрбиешілері «Табиғат аясында экологиялық мәдениетті қалыптастыру» тақырыбында өз іс-тәжірибелерімен бөлісті. Балаларды табиғатты қорғауға, экологиялық сауаттылыққа тәрбиелеу мақсатында жүргізілген экологиялық соқпақтар, серуендер және зерттеу жұмыстарының маңызы айтылды.

Шешім:

4. Төртінші мәселе бойынша тыңдалды:

Әдіскер А.К. Төлемисова ағымдағы мәселелерге тоқталып, көктемгі тазалық жұмыстары, топтардағы санитарлық талаптар мен алдағы мерекелік іс-шаралардың жоспарын ортаға салды.

Қаулы:

1. Өткен әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы туралы ақпарат ескерілсін, жұмыс нәтижесі қанағаттанарлық деп танылсын.

2. Педагогтердің, әсіресе жас мамандардың жұмысында заманауи цифрлық құралдар мен жасанды интеллект мүмкіндіктерін қолдану аясы кеңейтілсін.
3. Көктемгі кезеңде балалардың экологиялық мәдениетін дамытуға бағытталған практикалық шаралар мен серуендер жиі ұйымдастырылсын.
4. Ағымдағы мәселелер бойынша берілген тапсырмалар бекітілген мерзімде орындалсын.

Төрайымы:

Хатшы:



Мухамадиева М.С

Турсынханова М.М

№ 5 Әдістемелік кеңес отырысының хаттамасы

Күні: мамыр 2026 жыл

Қатысқандар саны : 17 адам

Күн тәртібінде:

1. Балалардың біліктері мен дамуының қорытынды мониторингінің нәтижесін талдау. Жыл көлемінде өткізілген ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттің қорытындысы.
2. Оқу жылының жалпы қорытынды нәтижесі.
3. Балалардың мектепке оқуға дайындығы.

Тыңдалды

1. Бірінші мәселе бойынша тыңдалды:

Әдіскер А.К. Төлемисова және топ тәрбиешілері балалардың біліктері мен даму деңгейінің қорытынды мониторинг нәтижелерін талдады. Сонымен қатар, әдіскерлер мен педагогтар жыл көлемінде өткізілген ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттердің (сабақтардың) жетістіктері мен қорытынды есептерін ортаға салды. Балалардың білім сапасындағы ілгерілеушілік атап өтілді.

2. Екінші мәселе бойынша тыңдалды:

Әдіскер Ә.Т. Дәутханова оқу жылының жалпы қорытынды нәтижесі бойынша кең ауқымды есеп берді. Жыл бойы қол жеткізілген жетістіктер, педагогтердің біліктілігін арттыру көрсеткіштері және алдағы оқу жылына арналған міндеттер айқындалды.

3. Үшінші мәселе бойынша тыңдалды:

Психолог М. Тұрсынханова мектеп алды даярлық топтарындағы балалардың мектепке оқуға психологиялық, танымдық және эмоционалдық дайындығын диагностикалау жұмыстарының қорытындысын баяндады. Балалардың мектепке бейімделу деңгейін арттыру үшін ата-аналар мен мұғалімдерге арналған ұсыныстарын берді.

Қаулы:

1. Қорытынды мониторинг нәтижелері және ашық іс-әрекеттердің есептері бекітілсін.
2. 2025-2026 оқу жылының қорытынды есебі мақұлдансын. Озық тәжірибелер келесі оқу жылының жоспарына негіз ретінде алынсын.
3. Психологтың зерттеу қорытындылары мен ұсыныстары негізге алынып, балалардың мектепке дайындық құжаттары ресімделсін.

Төрайымы:

Хатшы:



Мухамадиева М.С

Турсынханова М.М